

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл салуы және өндіріп алуы туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулысы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2000 жылғы 26 ақпан N 86. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1099. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкінің Басқармасының 2002 жылғы 15 шілдедегі N 264 қаулысымен.

Сақтандыру заңдарын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл салуы және өндіріп алуы туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап 10 күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл салуы және өндіріп алуы туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл салуы және өндіріп алуы туралы ережені Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, облыстық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкі Басқармасының 2000 жылғы
26 ақпандағы N 86 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл салуы және өндіріп алуы туралы ереже

Осы Ереже Қазақ КСР-інің әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне және басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарына сақтандыру қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік айыппұл салу және өндіріп алу тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сақтандыру қызметі туралы заңдарды бұзғаны үшін айыпты болған сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауапкершілікке тартылады.

2. Сақтандыру заңдарына сәйкес сақтандыру ұйымдарының (оның ішінде филиалдың) мынадай лауазымды адамдары әкімшілік жауапкершілікке тартылады: бірінші басшысы және бас бухгалтері, не олардың орнындағы адамдар.

3. Ұлттық Банк сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарына әкімшілік

жауапкершілік туралы заңдарда белгіленген негізде және тәртіппен әкімшілік айыппұл салады және өндіріп алады.

4. Сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарына әкімшілік айыппұл салу

түрінде өндіріп алу қолданылуымен қатар Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы заңдарында көзделген басқа да санкциялар қолданылуы мүмкін.

5. Әкімшілік жауапкершілік туралы заңдардың талаптарын бұзған адамның жауаптылығы туралы мәселені шешкен кезде мынадай өлшемдер ескеріледі:

- 1) айыбының ауырлығы;
- 2) құқық бұзушылықтың қайталануы;
- 3) құқық бұзушылықтан болатын зардаптар және оның ауырлығы;
- 4) адамның кінәсін жан-жақты анықтауға мүмкіндік беретін басқа да өлшемдер.

6. Ұлттық Банктің сақтандыруды қадағалау бөлімшесі сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарына салынатын тиісті тізілімде көрсетілген әкімшілік айыппұлдар есебін жүргізеді (N 1 қосымша).

2-тарау. Сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарына
әкімшілік айыппұл салу және өндіріп алу туралы материалдарды
ресімдеу және қарау тәртібі

7. Әкімшілік айыппұл салуға негіз болып табылатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы тиісті хаттама жасалып, оған қажетті құжаттар қоса беріледі.

Ұлттық Банктің сақтандыруды қадағалау бөлімшесі қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар.

8. Ұлттық Банктің сақтандыруды қадағалау бөлімшесінің қызметкерлері сақтандыру ұйымының лауазымды адамының құқық бұзғаны анықталғаннан кейін бір апта мерзімде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға міндетті (N 2 қосымша).

9. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама екі дана етіп жасалады

және онда міндетті түрде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) күні және оның жасалған орны;
- 2) хаттама жасаған адамның аты-жөні және лауазымы;
- 3) сақтандыру ұйымының әкімшілік құқық бұзған лауазымды адамының қызметі, аты-жөні;
- 4) әкімшілік құқық бұзылған жер, уақыты және мән-жайы;
- 5) әкімшілік құқық бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту көзделген

нормативтік-құқықтық акт;

6) құқық бұзушылықты анықтау жолы (есептер, хаттар, актілер және т.б.);

7) егер болса, куәлердің, басқа да адамдардың аты-жөні, мекен-жайы;

8) лауазымды адамның түсініктемесі;

9) басқа да қажетті мәліметтер.

Хаттамаға оны жасаған адам және соған қатысты хаттама жасалған сақтандыру ұйымының лауазымды адамы қол қояды.

Әкімшілік құқық бұзған адам хаттамаға қол қоюдан және түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда, оған бұл туралы жазылады. Әкімшілік құқық бұзған адам хаттамамен қоса берілетін түсініктемені және хаттаманың мазмұны туралы ескертпені ұсынуға, сондай-ақ өзінің оған қол қоюдан бас тарту себебін жазып беруге құқылы.

Хаттама жасаған кезде лауазымды адамға оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, ол жөнінде хаттамаға белгі қойылады.

10. Сақтандыруды қадағалау бөлімшесі хаттама жасалғаннан кейін лауазымды адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулының жобасын, әкімшілік айыппұл салу және өндіріп алу туралы қорытынды жасайды, онда лауазымды адамның құқық бұзу мән-жайы туралы ақпараттан басқа сақтандыру ұйымының лауазымды адамынан өндіріліп алынатын әкімшілік айыппұлдың сомасын көрсетіп, хаттамамен бірге Ұлттық Банк Төрағасының не сақтандыруды қадағалау бөлімшесіне жетекшілік ететін Төрағаның орынбасарына қарауға жібереді.

11. Ұлттық Банктің Төрағасы не сақтандыруды қадағалау бөлімшесіне жетекшілік ететін Төрағаның орынбасары әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен басқа материалдарды алған күннен бастап 15 күннің ішінде, бірақ әкімшілік құқық бұзылған немесе құқық бұзу анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірмей ұсынылған материалдар бойынша сақтандыру ұйымының лауазымды адамынан әкімшілік айыппұл өндіріп алу туралы шешім қабылдайды (N 3 қосымша).

12. Ұлттық Банк әкімшілік айыппұл өндіріп алу туралы материалдарды қарау нәтижелері жөнінде сақтандыру ұйымының әкімшілік жауапкершілікке тартылған лауазымды адамына тез арада хабарлауға міндетті.

Әкімшілік айыппұл өндіріп алу туралы қаулының көшірмесі үш күннің ішінде қаулы шығарылған адамға табысталады немесе жіберіледі.

Қаулының көшірмесі қол қойғызып табысталады. Егер қаулының көшірмесі

жіберілетін болса, бұл жөнінде іс қағазына тиісті жазбалар жасалады.

13. Ұлттық Банктің әкімшілік айыппұл өндіріп алу туралы шешімі осы Ереженің 14-тармағында белгіленген мерзімде күшіне енеді.

14. Сақтандыру ұйымының әкімшілік жауапкершілікке тартылған лауазымды адамы Ұлттық Банктің әкімшілік айыппұл салу және өндіріп алу туралы шешімімен келіспеген жағдайда, шешім шығарылған күннен бастап он күн ішінде осы шешім жөнінде сотқа шағым беруге құқылы.

15. Сақтандыру ұйымының лауазымды адамы өзіне әкімшілік айыппұл салу туралы қаулы табысталған күннен бастап 15 күн ішінде, ал мұндай қаулыға шағымданған немесе қарсылық білдірген жағдайда, шағымның немесе қарсылықтың қанағаттандырылмаған күйінде қалдырылғаны жөнінде хабар алған күннен бастап 15 күннен кешіктірмей республикалық бюджетке аударым арқылы әкімшілік айыппұл төлеуге міндетті.

Сақтандыру ұйымының лауазымды адамы әкімшілік айыппұлын төлегеннен кейін бұл жөнінде Ұлттық Банкке хабарлайды, оның әкімшілік айыппұл төлегенін растайтын, төлемді қабылдаған банк куәландырған құжаттың көшірмесін қоса береді.

3-тарау. Қорытынды ережелер

16. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 26 ақпандағы
N 86 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің сақтандыру қызметіне
байланысты құқық бұзғаны үшін
әкімшілік айыппұл салуы және
өндіріп алуы туралы ережеге
N 1 қосымша

Сақтандыру ұйымдарының лауазымды адамдарына

салынатын әкімшілік айыппұлдардың
тізілімі

р/с!Аты- !Ұлттық Банктің!Ұлттық Банктің!Хаттама.!Әкімші.!Салын.!Орын.!Басқа
!жөні,!әкімшілік айы.!әкімшілік айы.!ның N !лік ай.!ған !дал. !лары
!атқа.!ппұл салу және!ппұл салу және!және жа.!ыппұл !әкім. !ған !
!ратын!өндіріп алу !өндіріп алу !салған !салуға !шілік !күні !
!қыз. !туралы шешімі !туралы шешімі.!күні !негіз. !айып. ! !
!меті !қабылданған !нің сақтандыру! !деме !пұл ! !
! !күні мен нөмі.!ұйымының лауа.! ! !сомасы!
! !рі !зымды адамына !
!жеткізілген !
!күні !

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 26 ақпандағы
N 86 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің сақтандыру қызметіне
байланысты құқық бұзғаны үшін
әкімшілік айыппұл салуы және
өндіріп алуы туралы ережеге
N 2 қосымша

"__" _____ 2000 ж. _____ қызмет бабында пайдалану үшін

Сақтандыру қызметіне байланысты
анықталған құқық бұзушылық туралы
Хаттама

Хаттама жасалған күн және жер _____

(Ұлттық Банктің сақтандыруды қадағалауды жүзеге асыратын бөлімше
қызметкері (қызметкерлері), аты-жөні, лауазымы) _____

осы Хаттама Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
Кодексінің 237-9 бабы негізінде жасалды:

(сақтандыру ұйымының құқық бұзған лауазымды адамының аты-жөні,
әкімшілік құқық бұзған жері, уақыты және мәні)

Сонымен _____

(аты-жөні, лауазымы)

Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің _____
бабының _____ бөлігінде (тармағында) көзделген әкімшілік құқық
бұзушылық жасады. Құқық бұзушылықты анықтау көзі _____

Лауазымды адамның түсініктемесі

Маған ҚКСР ӘҚТК 261-бабына сәйкес менің іс материалдарымен танысуға, түсініктеме беруге, дәлелдемелер тапсыруға, өтініш білдіруге; істі қарау кезінде адвокаттың заңдық көмегін пайдалануға және іс жүргізілетін тілді білмейтін болсам аудармашының қызметін пайдалануға іс бойынша қаулыға шағым жасауға құқылы екендігімді түсіндіріп айтты.

лауазымды адамның аты-жөні, қолы

Хаттама куәлардың (егер олар болса) қатысуымен жасалды:

1. _____
Аты-жөні, тұрақты мекен-жайы

қолы

2. _____
Аты-жөні, тұрақты мекен-жайы

қолы

Хаттамаға қол қоюдан бастартты _____

Хаттаманы жасаушының аты-жөні, лауазымы _____

қолы

Осы хаттаманың көшірмесін алдым _____

күні, лауазымды адамның қолы, аты-жөні немесе лауазымды адам хаттаманы

алудан бастартқан жағдайда хаттама жасаушының қойған белгісі

Басқа мәліметтер _____

Ұлттық Банктің хаттама жасаған
қызметкерінің қолы

Сақтандыру ұйымының
лауазымды адамының қолы

М.О.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 26 ақпандағы
N 86 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің сақтандыру қызметіне
байланысты құқық бұзғаны үшін
әкімшілік айыппұл салуы және
өндіріп алуы туралы ережеге
N 3 қосымша

Әкімшілік шара қолдану туралы

_____ жылғы " ____ " _____

N ____ Қаулы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы (Төрағаның орынбасары)

аты-жөні

ҚКСР ӘҚтК _____ бабының _____ бөлігін (тармағын) басшылыққа ала
отырып _____ N ____ әкімшілік құқық бұзу туралы хаттаманы және оған қоса

берілген Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін
бұзғаны туралы материалдарды қарап,
Мыналарды белгіледі:

Тәртіп бұзған адамның аты-жөні, атқаратын қызметі:

тәртіп бұзған уақыты, жері және мәні

(нақты көрсету) Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
кодексінің қай бабы бұзылған

ҚКСП ӘҚТК _____ бабының _____ бөлігін (тармағын) басшылыққа ала отырып
Қаулы етеді:

1. _____
(Сақтандыру ұйымының құқық бұзған лауазымды адамының аты-жөні)

ҚКСП ӘҚТК _____ бабының _____ бөлігі (тармағы) бойынша әкімшілік
жауапкершілікке тартылсын және оған _____ теңге
мөлшерінде айыппұл төлеу түрінде әкімшілік жаза қолданылсын.

2. _____
(Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыруды қадағалайтын
бөлімшесі)

үш күндік мерзімде осы қаулыны сақтандыру ұйымының лауазымды адамына
орындау үшін жіберсін.

3. Айыппұл осы қаулының көшірмесі тапсырылғаннан кейін 15 күн мерзім
ішінде төлеуге жатады.

Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің сақтандыруды қадағалау бөлімшесінің басшысы

_____ жүктелсін.
(аты-жөні)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
(Төрағаның орынбасары)

Қаулымен таныстым

(Әкімшілік жауапкершілікке
тартылған лауазымды адамның аты-жөні)

(күні) (қолы)
Пошта хабарламасымен жіберілді

(күні)

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК